



БҰЙРЫҚ

15.08.2018

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 549

город Актау

Банкроттықты басқарушыны тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес және 2018 жылғы 13 тамыздағы "Russia Oil Tools" ЖШС-нің кредиторлар жиналысы шешімінің негізінде,

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Russia Oil Tools" ЖШС-не Аманқалиев Нұрлыбек Санифаұлы банкроттықты басқарушы болып тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының талаптарына сәйкес банкроттықты басқарушының міндеттемесін орындау Н.С. Аманқалиевқа жүктелсін.
3. Банкроттықты басқарушы Н.С. Аманқалиев Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 19-бабы 4 тармағының талаптарын орындауды және банкроттық рәсімдерінің жүргізілу барысы туралы ақпаратты, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімі басшысы А.А. Акимбаевқа жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың бір данасы "Russia Oil Tools" ЖШС-нің банкроттықты басқарушысы Н.С. Аманқалиевқа жолдансын.

Басшы



Жаналинов Д.Е.